

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 14 шілдедегі № 51/01 "Ашық деректер интернет-порталында орналастыратын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 1 қарашадағы № 78/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25042 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 14 шілдедегі № 51/01 "Ашық деректер интернет-порталында орналастыратын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3936 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек